

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің аумағына террористік, сепаратистік және экстремистік іс-әрекетке қатысы бар адамдардың кіру арналарын анықтау және жабу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 қазандағы N 1074 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің аумағына террористік, сепаратистік және экстремистік іс-әрекетке қатысы бар адамдардың кіру арналарын анықтау және жабу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданып.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы Амангелді Смағұлұлы Шабдарбаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің аумағына террористік, сепаратистік және экстремистік іс-әрекетке қатысы бар адамдардың кіру арналарын анықтау және жабу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.30. N 474 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

жоба

**Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің аумағына террористік сепаратистік және экстремистік іс-әрекетке қатысы бар адамдардың кіру арналарын анықтау және жабу саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері,

Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы тиімді күресті қамтамасыз ету мақсатында,

Тараптар мемлекеттерінің аумағына террористік, сепаратистік және экстремистік іс-әрекетке қатысы бар адамдардың кіруі Тараптар мемлекеттерінің қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіретінін түсіне отырып,

2002 жылғы 7 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хартиясын, 2001 жылғы 15 маусымдағы Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясын және 2002 жылғы 7 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы Аймақтық терроризмге қарсы құрылым туралы келісімді басшылыққа ала отырып, терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күреске бағытталған тиімді шараларды қабылдауда өзара мүдделілікті негізге ала отырып, ұлттық заңнаманы және халықаралық құқықтың жалпы көпшілік таныған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаты үшін онда қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:
бұзушылар - 2001 жылғы 15 маусымдағы Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясында айқындалғанындай, терроризм, сепаратизм, экстремизм актілерін жасағаны үшін немесе жасағанына сезік тудыруы бойынша ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің арнайы қызметтері мен құқық қорғау органдары халықаралық іздеу жариялаған адамдар;
кіру арналары - бұзушылардың Тараптар мемлекеттерінің аумағына заңды және заңсыз кіру жолдары.

2-бап

Тараптар кіру арналарын анықтау және жабу жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу мақсатында ынтымақтасады, осы бағыттағы өз қызметін үйлестіреді, Тараптар мемлекеттері мемлекеттік органдарының, қоғамдық және өзге де ұйымдарының, азаматтарының күш-жігерін біріктіреді, сондай-ақ көрсетілген мақсаттағы бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін пайдаланады.

3-бап

Тараптар кіру арналарын анықтау және жабу саласында мынадай негізгі бағыттар бойынша ынтымақтасады:

кіру арналарын анықтау және жабу саласында келісілген тәсілдерді әзірлеу;
кіру арналарын анықтау, оларға бақылау қою және/немесе олардың жолын кесу;
Тараптар мемлекеттерінің аумағына кіру үшін бұзушылар пайдаланатын тәсілдерді анықтау;

бұзушыларды анықтау, оларды ұстау, беру және қылмыстық жауапқа тарту бойынша келісілген шараларды жүзеге асыру;

кіру арналарын анықтау және жабу жөніндегі бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарын үйлестіру және олардың өзара іс - қ и м ы л ы ;

кіру арналарын анықтау және жабу бойынша бірлескен жоспарларды әзірлеу және іс к е а с ы р у ;

кіру арналарын анықтау және жабу мәселелері жөніндегі Тараптардың ұлттық за ң н а м а с ы н ү й л е с т і р у ;

кіру арналарын анықтау және жабу мәселелері бойынша мамандар даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

кіру арналарын анықтау және жабу проблемалары бойынша бірлескен ғылыми з е р т т е у л е р жү р г і з у ;

кіру арналарын анықтау және жабу мәселелері жөніндегі халықаралық ұйымдар мен халықаралық форумдарға қатысу үшін ұстанымдарды келісу.

4-бап

Тараптар осы Келісімнің 3-бабында санамаланған мынадай нысандардағы негізгі бағыттар бойынша ынтымақтасады: м ы н а л а р ғ а :

кіру арналарын анықтау және жолын кесу бойынша келісілген жедел іздестіру іс - ш а р а л а р ы н ө т к і з у г е ;

бұзушыларды іздеуге және ұстауға;

өзара қызығушылық тудыратын өзге іс-шараларды жүргізуге жәрдем көрсету а қ п а р а т а л м а с у т у р а л ы ;

Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында терроризм, сепаратизм және экстремизм актілерін жасау үшін ену арналарын пайдалану туралы;

Тараптар мемлекеттерінің аумағына ену үшін бұзушылар пайдаланатын тәсілдер т у р а л ы ;

кіру арналарын пайдалануға қатыстылығына сезік тудыратын адамдар және ұ й ы м д а р т у р а л ы ;

бұзушылардың Тараптар мемлекеттерінің аумағына ену арналарын пайдалануымен байланысты нақты фактілер және оқиғалар туралы;

кіру арналарын пайдаланатын ұйымдардың құрылымы, дербес құрамы, қызмет саласы, басқаруды ұйымдастыруы және байланыстары туралы;

кіру арналарын пайдаланатын жекелеген адамдар мен қылмыстық топтар арасында орын алған немесе болжалды байланыстар туралы;

ұйымдар мен жекелеген адамдардың ену арналарын пайдалану жөніндегі қызметінің нысандары мен әдістері туралы;

бұзушылар пайдаланатын ену арналары туралы;

кіру арналарын қаржыландыру көздері туралы;
кіру арналарын анықтау және жабу нысандары мен әдістері туралы сұрау
салуды орындау;

Шанхай ынтымақтастық ұйымы Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының (бұдан
әрі - ШЫҰ ӨТҚК) деректер банкіне ену арналарын анықтау және жабу мәселелері
бойынша ақпарат жіберу;

Тараптар мемлекеттерінің шекараларынан кесіп өтуге құқық беретін құжаттар
үлгілерімен алмасу және Тараптар мемлекеттерінің аумақтарына кіруге, онда болуға
және шығуға арналған құжаттарға қойылатын нысандар мен талаптардың өзгеруі
туралы ақпарат беру;

жұмыс тәжірибесімен алмасу, соның ішінде кеңестер, конференциялар және
семинарлар өткізу жолымен;

кіру арналарын анықтау және жабу мәселелері жөніндегі заңнамалық және өзге де
нормативтік құқықтық кесімдермен, материалдармен алмасу.

Тараптар ынтымақтастықтың өзге де өзара қолайлы нысандарын белгілеуі мүмкін.

5-бап

Тараптар осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді
орындағаннан кейін 30 күннің ішінде депозитарийді осы Келісімді іске асыруға
жауапты құзыретті органдар туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

6-бап

Тараптардың құзыретті органдары арасындағы осы Келісімнің шеңберіндегі өзара
іс-қимыл жәрдем көрсету туралы сұрау салудың негізінде, сондай-ақ Тараптардың
бірінің құзыретті органының бастамасы бойынша ақпарат беру жолымен екі жақты
және көп жақты форматта жүзеге асырылады.

Сұрау салу немесе ақпарат жазбаша нысанда жіберіледі. Кейінге қалдыруға
болмайтын жағдайларда сұрау салу немесе ақпарат ауызша берілуі мүмкін, бірақ олар
қажет болған кезде мәтінді берудің техникалық құралдарын пайдалана отырып, 72
сағаттан кешіктірмей жазбаша түрде қайталануы тиіс.

Сұрау салудың немесе ақпараттың не олардың мазмұнының түпнұсқалылығына
күдік туындаған жағдайда көрсетілген құжаттарды қосымша растауға немесе
түсіндіруге сұрау салынуы мүмкін.

Сұрау салу мыналарды қамтуы тиіс:

сұрау салушы және сұрау салынатын құзыретті органдардың атауы;

сұрау салудың мақсаты мен негіздемесі;

сұрау салынатын жәрдем мазмұнының сипаттамасы;

сұрау салудың уақтылы және тиісінше орындалуы үшін пайдалы болуы мүмкін

б а с қ а

д а

а қ п а р а т ;

егер бұл қажет болса оның жабықтығының дәрежесін көрсету.

Жазбаша нысанда берілген сұрау салуға немесе ақпаратқа жіберуші құзыретті органның басшысы немесе оның орынбасарлары қол қояды немесе осы құзыретті органның елтаңбалық мөрімен куәландырылады.

7-бап

Сұрау салынатын құзыретті орган сұрау салудың жылдам және мүмкіндігінше неғұрлым толық орындалуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды және оның келіп түскен күнінен бастап 30 тәуліктен аспайтын мерзімде сұрау салушы құзыретті органды оны қараудың нәтижелері туралы хабардар етеді.

Сұрау салушы құзыретті орган сұрау салудың орындалуына кедергі келтіретін немесе оны орындауды елеулі түрде кідіртетін жағдайлар туралы дереу хабардар е т і л е д і .

Егер сұрау салудың орындалуы сұрау салынатын құзыретті органның құзыретіне кірмесе, онда ол сұрау салуды өз мемлекетінің оны орындауға құзыреті бар басқа құзыретті органына береді және сұрау салушы құзыретті органды осы туралы дереу х а б а р д а р е т е д і .

Сұрау салынатын құзыретті орган өзінің пікірі бойынша сұрау салуды орындау үшін қажетті қосымша мәліметтерге сұрау салуы мүмкін.

Сұрау салуды орындау кезінде сұрау салынатын Тарап мемлекетінің заңнамасы қолданылады. Егер бұл сұрау салынатын Тарап мемлекеті заңнамасының негізгі қағидаттарына немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы келмесе, сұрау салушы құзыретті органның өтініші бойынша сұрау салушы Тарап мемлекетінің заңнамасы қ о л д а н ы л у ы м ү м к і н .

Сұрау салынатын құзыретті орган, егер бұл оның Тарабы мемлекетінің заңнамасына қайшы келмесе, сұрау салушы құзыретті органның өкілдеріне өз мемлекетінің аумағында сұрау салуды орындау кезінде қатысуға рұқсат бере алады.

Егер сұрау салынатын құзыретті орган сұрау салуды орындау оның мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе басқа да мәнді мүдделеріне залал келтіруі мүмкін не сұрау салынатын Тарап мемлекетінің заңнамасына немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы келеді деп санаса оны орындау кейінге қалдырылуы мүмкін немесе оны орындаудан толық немесе ішінара бас тартылуы м ү м к і н .

Егер онымен байланысты сұрау салу келіп түскен әрекет сұрау салынатын Тарап мемлекетінің заңнамасы бойынша қылмыс болып табылмаса, оны орындаудан бас т а р т ы л у ы м ү м к і н .

Егер осы баптың 7 немесе 8-абзацтарына сәйкес сұрау салуды орындаудан толық

немесе ішінара бас тартылса немесе оның орындалуы кейінге қалдырылса, бұл туралы сұрау салушы құзыретті орган жазбаша нысанда хабардар етіледі.

8-бап

Егер алынған ақпарат пен құжаттар жабық сипатта болса немесе беруші Тарап оларды жария етуді қажет емес деп санаса, әрбір Тарап олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді. Ақпарат пен құжаттардың жабықтық дәрежесін беруші Тарап б е л г і л е й д і .

Осы Келісімнің негізінде алынған ақпарат немесе сұрау салуды орындау нәтижелері оларды ұсынған Тараптың жазбаша келісімінсіз оларға сұрау салынғаннан немесе ұсынылғаннан өзге мақсаттарға пайдаланылмайды.

Осы Келісімнің негізінде бір Тарап екінші Тараптан алған ақпарат пен құжаттар оларды ұсынған Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз беруге жатпайды.

9-бап

Егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмесе, Тараптар өз мемлекеттерінің аумағында осы Келісімді орындауға байланысты шығыстарды дербес өтейді.

10-бап

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастықтың нәтижелерін талдау және бағалау, сондай-ақ оны жетілдіру жолдарын әзірлеу мақсатында Тараптар консультациялар мен кеңестер өткізуі мүмкін.

11-бап

Тараптар осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындауы мүмкін даулы мәселелерді консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады.

12-бап

Осы Келісім Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

13-бап

Осы Келісімнің шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде Тараптар жұмыс тілі ретінде орыс және қытай тілдерін пайдаланады.

14-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісімімен осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалар түрінде ресімделетін және осы Келісімнің 15-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

15-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және депозитарий Тараптардың осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша нысандағы төртінші хабарламаны алған күннен бастап 30-күні күшіне енеді.

Осы Келісімге қол қойылған күннен бастап 15 күн ішінде Тараптарға оның куәландырылған көшірмелерін жіберетін Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хатшылығы осы Келісімнің депозитарийі болып табылады.

Депозитарий Тараптан оның осы Келісімді іске асыруға жауапты құзыретті органдары туралы хабарлама алған күннен бастап 15 күн ішінде бұл туралы басқа
Т а р а п т а р ғ а х а б а р л а й д ы .

Осы Келісім 2001 жылғы 15 маусымдағы Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясына қатысушылар болып табылатын мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Қосылған мемлекет үшін осы Келісім депозитарий оның қосылуы туралы құжатты алған күннен бастап 30-күні күшіне енеді.

Осы Келісім Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекет болып тұрғанда кез келген Тарапқа қатысты күшінде қалады.

200__ " __ " _____ қаласында, орыс және қытай тілдерінде бір данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Қытай Халық Республикасының Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін